

Әсемпаз болма әр неге,  
 Өнерпаз болсаң, арқалан.  
 Сен де — бір кірпіш, дүниеге,  
 Кетігін тап та, бар қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар,  
 Қашқанға да, қуғанға.  
 Әділет, шапқат<sup>1</sup> кімде бар,  
 Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз,  
 Біте қалса қазаққа.  
 Алдың — жалын, артың — мұз,  
 Барар едің қай жаққа?

Пайданы көрсең бас ұрып,  
 Мақтанды іздеп, қайғы алма.  
 Мініңді ұрлап жасырып,  
 Майданға түспей бәйгі алма.

Өзінде бармен көзге ұрып,  
 Артылам деме өзгеден.  
 Күндестігін қоздырып,  
 Азапқа қалма езбеден.

Ақырын жүріп, анық бас,  
 Еңбегің кетпес далаға.  
 Ұстадтық<sup>2</sup> қылған жалықпас  
 Үйретуден балаға.

---

<sup>1</sup> Шапқат, шәфхат (арабша) — аяу, рахым ету.

<sup>2</sup> Ұстад, өстад (парсыша) — 1) үйретуші, оқытушы, тәрбиеші; 2) ұста; 3) профессор.